

**Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі  
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 11 қаңтар N 45. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.10.18. N 1552 қаулысымен.  
~P001552

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Бекітілген штат саны лимитінің шегінде стандарттарды, техникалық шарттарды, метрологиялық ережелерді сақтауды, өлшем құралдарының жай-күйін және қолданылуын мемлекеттік қадағалау жөніндегі:

1) Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Арқалық, Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей аумақтық бөлімшелері біріктірілсін және олардың мүлкінің базасында Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің жедел басқару құқығындағы және Астана қаласында орналасқан "Мемлекеттік қадағалау жөніндегі Орталық Қазақстан аймақтық қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі ("Мемлекеттік қадағалау жөніндегі Орталық Қазақстан қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі) құрылсын;

2) Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан аумақтық бөлімшелері біріктірілсін және олардың мүлкінің базасында жедел басқару құқығындағы және Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің "Мемлекеттік қадағалау жөніндегі Оңтүстік Қазақстан аймақтық қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі ("Мемлекеттік қадағалау жөніндегі Оңтүстік Қазақстан қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі) құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті заңдарда

белгіленген тәртіппен жарғыларды бекітсін және тіркесін, осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

4. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж, N 29, 256-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

реттік нөмірлері 367, 387, 389-жолдарда:

"Алматы қаласы" деген сөздер "Астана қаласы" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Мыналардың күші жойылды деп танылсын;

1) "Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 3 шілдедегі N 634 P980634\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж, N 21, 132-құжат);

2) "Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мамандардың біліктілігін арттыру институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 мамырдағы N 582 P990582\_ қаулысының 5-тармағының 2-тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 19. 205-құжат):

3) "Қазақстан стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы"

республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 маусымдағы N 743

P990743\_

қаулысының 5-тармағының

2-тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 27, 255-құжат).

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 11 қаңтардағы  
N 45 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда  
министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау  
жөніндегі комитеті (Мемстандарт) туралы  
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау саласында арнайы атқарушылық, бақылау және қадағалау функцияларын, сондай-ақ үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі құзыретінің шегіндегі ведомство болып табылады.

Комитеттің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын, сертификаттау ережелерін, сертификатталатын өнім сапасын, метрологиялық ережелерді сақтауды және өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуын мемлекеттік қадағалау, сондай-ақ сертификаттау және сынақ лабораторияларының, орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылау жөніндегі аймақтық қызметтері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) бар.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі туралы ережеге, осы Ережеге, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде атауы жазылған мөрі, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы жазылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.

Егер Комитетке заңдарға сәйкес өкілеттік берілген болса, онда ол мемлекет

атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрық түрінде актілер шығарады, олардың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында күші бар.

5. Комитеттің ережесі мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Пушкин көшесі, 166/5.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. Комитеттің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі, Комитеттің құрылтай құжаты - Комитетті құру туралы Үкіметтің қаулысы және осы Ереже болып табылады.

9. Комитеттің және оның мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық бөлімшелерінің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке, заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

### 10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру

2) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу;

3) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметін үйлестіру;

4) ғылым мен техника жетістіктерінің негізінде мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру;

5) өлшем құралдары паркін жаңарту және эталондық базаны кеңейту;

6) Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік стандарттарын әзірлеу;

7) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында білікті кадрлар

даярлау болып табылады.

11. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдармен, басқа да заңды, сондай-ақ жеке тұлғалармен халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттау және сертификаттау жүйелерінің жұмысын, өлшемдер бірлігін, техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеу мен кодтауды, өнімді штрихтық кодтау мен каталогтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

2) халықаралық талаптарға сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асырады;

3) халықаралық тәжірибені ескере отырып, стандарттаудың мемлекеттік жүйесін, өлшемдер бірлігін және өнімдерді, қызмет көрсетулерді және сапа жүйесін сертификаттауды жетілдіреді және дамытады;

4) физикалық шамалар бірліктерінің эталондық базасын жетілдіреді және қолдайды;

5) өз құзыретінің шегінде стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері жөніндегі құқықтық актілерді әзірлеуді ұйымдастырады және әзірлеуге қатысады;

6) Қазақстан Республикасының негізгі алынатын мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын тиісті халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық стандарттармен үйлестіреді;

7) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды және жеке тұлғалардың қызметін лицензиялайды және берілген лицензиялардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

8) стандарттау, метрология, сертификаттау, сапа жүйесі, мемлекеттік қадағалау және инспекциялық бақылау саласында мамандарды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды үйлестіреді және жүзеге асырады; аталған бағыттар бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орындарының оқу бағдарламаларын келіседі;

9) саудадағы техникалық кедергілерді жою мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

10) белгіленген тәртіппен өз құзыретінің шегінде стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын және

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі басқа да нормативтік актілерін жоспарлауды, әзірлеуді, қайта қарауды ұйымдастырады, сондай-ақ сараптауды, бекітуді және тіркеуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасы стандарттарының, мемлекетаралық, аймақтық, халықаралық және басқа елдердің ұлттық стандарттарының мемлекеттік қорын қалыптастырады және жүргізеді.

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын, мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың ережелері мен ұсынымдарын басып шығаруды, қайта басып шығаруды және таратуды жүзеге асырады;

14) орталық, жергілікті атқарушы органдарға, басқа да ұйымдарға өнімдерге және шығарылатын өлшем құралдарына арналған, тіркелген нормативтік құжаттар туралы, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы нормативтік актілер талаптарының өзгерістері туралар хабарлайды;

15) халықаралық және аймақтық ұйымдарға мүше елдерге Қазақстанның пікірі бойынша сауда қатынастарында техникалық кедергілер келтіруі мүмкін әзірленіп жатқан жобалар мен қолданылып жүрген халықаралық және аймақтық нормативтік құжаттарға түсіндірмелер (пікірлер) жолдайды;

16) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының, сертификаттау ережелерінің сақталуын, сертификатталған өнімдердің сапасын, метрологиялық ережелерді, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуын мемлекеттік қадағалауды, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ лабораторияларының (орталықтарының) қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) және сапа жүйесін сертификаттау, шыққан елін анықтау бойынша сертификаттау сертификаттау жөніндегі органдарды, сынақ лабораторияларын (орталықтарын) аккредиттеу мен тіркеу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

18) ұйымдарға, оның ішінде халықаралық, аймақтық және ұлттық ұйымдарға сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдар, сынақ, тексеру лабораториялары (орталықтары) сертификатталатын өнімдер, сертификатталған сапа жүйелері және Комитеттің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер туралы хабарлайды;

19) өлшем құралдарының, стандарттық үлгілердің, мемлекеттік тізілімдерін, қымбат бағалы металдардан жасалатын бұйымдарды дайындаушы - кәсіпорындардың, тіркелген тексеру лабораториялары мен метрологиялық қызметтердің, тіркелген сынақ лабораториялары (орталықтары) мен сертификаттау жөніндегі органдардың, сарапшы-аудиторлардың атаулықтарын жүргізуді жүзеге асырады

20) Қазақстан Республикасының метрологиялық қызметтерінің, заттар мен материалдардың стандарттық үлгілері қызметтерінің жұмысына басшылықты және үйлестіруді жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасында шығарылатын және импортталатын өлшем құралдарына мемлекеттік сынақтар, өлшем құралдары мен өлшем жүйелеріне тексеру және метрологиялық аттестаттау жүргізуді ұйымдастырады;

22) Қазақстан Республикасында шығарылатын қымбат бағалы металдардан жасалған бұйымдарды байқап көруді және мемлекеттік таңбамен таңбалау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, қымбат бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалынатын бұйымдар бойынша техникалық сараптаманы ұйымдастырады.

23) азаматтық және қызметтік қару-жарақ пен олардың оқтарының мемлекеттік кадастрын әзірлеуге қатысады, сондай-ақ оны шығаруды және жүргізуді ұйымдастырады.

24) стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы проблемалар жөніндегі кеңестерді, семинарларды, конференцияларды ұйымдастырады және олардың жұмысына қатысады;

25) Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитеттің негізгі міндеттерді іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде тиісті мемлекеттік басқару органдары әзірлейтін заң және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысуға;

2) стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшем бірлігінің халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін орталық, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да ұйымдарға ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты және олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға қатысуға;

3) өз құзыретінің шегінде шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдармен және шет елдердің заңды тұлғаларымен стандарттау метрология және сертификаттау мәселелері жөнінде халықаралық шарттар жасасуға, келіссөздер жүргізуге және келісімдерге қол қоюға;

4) өз құзыретінің шегінде орындау үшін міндетті нұсқаулар беруге және шешімдер қабылдауға, заңдарда белгіленген тәртіппен стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

5) Комитетке жүктелген міндеттерді орындау үшін белгіленген тәртіппен меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда болуға, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғаларды тексеруді жүзеге асыруға;

6) стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың, метрологиялық

ережелер мен сертификаттау жөніндегі ережелердің бұзылуы фактілері анықталған кезде заңдарда белгіленген шаралар қолдануға;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өнімдер мен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатуға және пайдалануға жарамсыз деп танылған жағдайларда жою немесе одан әрі қайта өңдеу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуға;

8) белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдардың мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы бірлескен жұмыстарға тартуға;

9) өнімге, сапа, өндіріс жүйелеріне сертификаттар беруге және өлшем құралдарының түрін бекітуге;

10) тауардың шыққан елін айқындау жөнінде сертификаттар беруге;

11) шетелдік сертификаттарды, сәйкестік белгілерін танудың ережелерін белгілеуге, шетелдік сынақ орталықтарын, тексеру лабораторияларын және сертификаттау жөніндегі органдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесінде тіркеуге;

12) мемлекеттік органдармен және басқа да заңды тұлғалармен бірлесіп стандарттарды әзірлеу жөніндегі техникалық комитеттер құруға;

13) өз құзыретінің шегінде жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша заңды және жеке тұлғаларға заңдарда белгіленген ықпал ету шараларын қолдану жөнінде шешімдер қабылдауға;

14) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болуға, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға және белгіленген тәртіппен олардың жарғыларын бекітуге;

5) заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### 3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және құны Комитеттің балансында көрсетілетін өзге де мүліктің негізгі қорларынан тұрады.

14. Комитетке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

### 4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төраға бір мезгілде Қазақстан Республикасының Стандарттарды және өлшем құралдарын қадағалау жөніндегі бас инспекторы болып табылады.

Төрағаның орынбасарын Төрағаның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Төрағаның орынбасары лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Стандарттарды және өлшем құралдарын қадағалау жөніндегі бас инспекторының орынбасары болып табылады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктеген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

18. Төраға осы мақсатта:

1) Төрағаның орынбасарының, құрылымдық бөлімшелердің, стандарттарды және өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық қызметтердің және өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларының міндеттері мен өкілеттігін айқындайды;

2) заңдарға сәйкес Комитет аппаратының қызметкерлерін, стандарттарды және өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық қызметтердің және өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін, стандарттарды және өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық қызметтердің және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын көтермелейді, сондай-ақ тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды,

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері, стандарттарды және өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық қызметтер туралы ережелерді, өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың Жарғыларын бекітеді ;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің, стандарттарды және өлшем құралдарын мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық қызметтерінің және өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін үйлестіреді және бақылайды;

8) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында бірыңғай

ғылыми-техникалық саясат жүргізу - мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құжаттарды бекіту және тіркеу үшін, сондай-ақ стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшемдер бірлігі мемлекеттік жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және жетілдіру үшін Комитетте жеке құрамын

Комитеттің төрағасы бекітетін, 9 адам санында алқа құрылады. Алқаның құрамына Комитет аппаратының қызметкерлері мен ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың басшылары кіре алады.

Алқаның шешімі Комитеттің қаулыларымен бекітіледі.

## 5. Комитетті қайта ұйымдастыру мен тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 13 қаңтардағы  
N 45 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда  
министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі  
комитетінің қарауындағы ұйымдардың  
Тізбесі

р/с N	Кәсіпорындардың атауы	Орналасқан жері
1.	"Қазақстан метрология институты (ҚазМетрИн)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы	Астана қаласы
2.	"Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы	Астана қаласы

3-6.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 1-2-жолдар жаңа редакцияда, 3-6-жолдар алынып тасталды - ҚР  
Үкіметінің 2000.08.09. N 1227 қаулысымен.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК